

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери бөлімдері мен Әскери институтын пәтерге орналастырудың заттай нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № 154 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 28 сәуірде № 13646 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 69-бабының 2-тармағына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери бөлімдері мен Әскери институтын пәтерге орналастырудың заттай нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы (Р.Ф. Жақсылықов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықтың көшірмелерін баспа және электронды түрде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне, сондай-ак Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін тіркелген бүйрықты алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бүйрықтың 2-тармағы 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Р.Ф. Жақсылықовқа жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Каржы министрі

Б.Т. Сұлтанов

2016 жылғы 18 наурыз

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрінің
2016 жылғы 18 ақпандығы
№ 154 бүйірігімен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери бөлімдері мен Әскери институттың пәтерге орналастырудың заттай нормалары

p/ с	Үй-жайлардың атауы	Есептеу бірлігі	Алаңы м ²	Ескертпе
№				

I. КАЗАРМАЛАР

	Жатын үй-жайлар: мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер және оқу бөлімдерінің курсантары үшін:			Жатын үй-жайдағы бір адамға арналған ауа көлемі кемінде 12 м ³ . Мерзімді қызметтегі жеке құрамды ғимарат қабатының биіктігі 3,3 метрден кем емес болған кезде жатын үй-жайда екі қабатты кереуетке орналастыруға рұқсат етіледі
	ғимарат қабатының биіктігі 2,8 болған кезде	1 адамға	4,8	
	ғимарат қабатының биіктігі 3,3 болған кезде	1 адамға	4,0	
1	ғимарат қабатының биіктігі 3,6 болған кезде	1 адамға	3,6	
	офицерлік атақтары жоқ тындаушылар, Әскери институттың курсанттары, әскери қызметші әйелдер, әскери оқу орнының тәрбиеленушілері, арнайы максаттағы әскери бөлімдердің (бөлімше) әскери қызметшілері үшін :			Офицерлік атақтары жоқ тындаушылар, Әскери институттың 1, 2, 3, 4-курс курсантары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ишкі қызмет жарғысында белгіленген тәртіппен казармалық жағдайда ұсталады және үй-жайдың биіктігіне қарамастан, бір қабатты кереуеттерде жатын үй-жайларда орналастырылады
	ғимарат қабатының биіктігі 2,8 болған кезде	1 адамға	4,8	
	ғимарат қабатының биіктігі 3,3 болған кезде	1 адамға	4,0	

2	Курсанттар жатақханасының түргын бөлмесі	1 адамға	6,0	Офицерлік атактары жок тындаушылар, төртінші курстың курсанттары курсанттар жатақханасында олар үшін әскери оқу орнында белгіленген ішкі тәртіпті сақтай отырып, орналастырылады
3	Мәдени-ағарту және тәрбие жұмыстарын жүргізуге арналған ақпараттық-тәрбие бөлмесі	1 адамға	0,5-0,8	<p>Казарманың бір қабатында орналасқан жекелеген шағын бөліністер ортақ ақпараттық-тәрбие жұмысы бөлмесін пайдаланады. Осы бөлмедегі орындардың жалпы саны біруақытта казармалық секциядағы жеке құрамның кемінде 70% орналастыратындаш шартпен қабылданады.</p> <p>Ақпараттық-тәрбие жұмысы бөлмесі сабак өткізуге арналған 2-3 орындық үстелдермен, сондай-ақ жеке орындықтармен жабдықталады.</p> <p>Көрсеткіштер мен алаңдардың жоғарғы шектері Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының рұқсатымен қабылданады</p>
4	Жауынгерлік даярлық бөлмесі	1 білім алушыға	1,3	
5	Психологиялық оналту бөлмесі	1 адамға	0,5-0,8	Көрсеткіштер мен алаңдардың жоғарғы шектері Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының рұқсатымен қабылданады
6	Рота кеңесіне арналған бөлме	кеңсеге	16,0-20,0	Ротаның ұйымдастырушылық құрамына кірмейтін, бірақ казарманың бір қабатында орналасқан жеке шағын бөліністер үшін ортақ бір бөлме бөлінеді. Уш және одан да көп жеке бөліністер болған кезде осы бір бөлменің алаңы 25 м^2 дейін болуы мүмкін
7	Взвод командирлерінің бөлмесі	1 адамға	7,5	
8	Қару сақтауға арналған бөлме	1 адамға	0,25-0,35	Көрсеткіштер мен алаңдардың жоғарғы шектері Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының рұқсатымен қабылданады
9	Қару тазалауға арналған бөлме (орын)	1 адамға	0,35	
10	Ротаның, арнайы мақсаттағы бөлімшелер жасағы (тобы) мүлкін және әскери қызметшілердің жеке заттарын сақтауға арналған қойма	1 адамға	0,25-0,35	
11	Арнайы құралдарды сақтауға арналған бөлме	1 адамға	0,25-0,35	
				Колжугыш – 5-7 адамға бір кран

12	Жуынуга арналған бөлме	үй-жай	жалпы ауданың 20%	Сұы ағып кететін кемінде екі аяқ жуатын ванна Әскери қызметшілердің киім жууына арналған орын
13	Дәретхана	үй-жай	жалпы аудан-ның 20%	10-12 адамға унитазы (очкосы) бар кабина және бір писсуар
14	Аяқ киім тазалауға арналған бөлме (орын)	1 адамға	0,10-0,17	Көрсеткіштер мен алаңдардың жоғарғы шектері Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Bas қолбасшысының рұқсатымен қабылданады
15	Тұрмыстық қызмет көрсету бөлмесі	1 адамға	0,16-0,20	
16	Киім-кешек пен аяқ киімді кептіруге арналған бөлме	1 адамға	0,16-0,20	Көрсеткіштер мен алаңдардың жоғарғы шектері Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Bas қолбасшысының рұқсатымен қабылданады
17	Жинау мүкәммалдарының қоймасы (шкаф)	үй-жай	кемінде 1,5	
18	Спортпен айналысуға арналған үй-жай (орын)	үй-жай	25,0-35,0	Көрсеткіштер мен алаңдардың жоғарғы шектері Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Bas қолбасшысының рұқсатымен қабылданады
19	Душ бөлмесі	үй-жай	жалпы аудан-ның 20%	Душ бөлмесі 15-20 адамға бір кран (душ торы) есебінен Жеке үй-жай болмаган кезде жуынуга арналған бөлмеде жабдықталады

II. ШТАБТЫҚ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ӘКІМШІЛІК-ҚЫЗМЕТТІК ҒИМАРАТ

Бөлімші штабтары

1	батальон бөлім құқығындағы батальон полк арнайы мақсаттағы бөлімшелер жасағы командирінің қызметтік кабинеті	бөлме	15,0 20,0 20,0 15,0	
2	батальон бөлім құқығындағы батальон полк командирі орынбасарының арнайы мақсаттағы бөлімшелер тобы командирі орынбасарының қызметтік кабинеті	бөлме	10,0 15,0 15,0 10,0	
3	бөлім құқығындағы батальон полк командирдің қабылдау бөлмесі	бөлме	10,0 10,0	

4	Кызметтік бөлмелер	1 адамға	7,5	
5	Штаб бойынша кезекшінің бөлмесі (орны)	бөлме	7,5	
6	Штаб бойынша кезекшінің демалу бөлмесі	бөлме	10,0	
7	Сабакқа дайындалу, офицерлердің кеңес өткізу және демалу бөлмесі	бөлме	18,0 дейін	Сабактарға дайындалу, офицерлердің кеңес өткізу және демалу бөлмелерін арнайы пәндер бойынша сабактар өткізуге арналған оқу сиынтарымен біріктіруге рұқсат етіледі
8	Арнайы пәндер бойынша сабактар өткізуге арналған оқу сиынтары	1 айналысатын адамға	1,5	Оқу сиынтарын сабактарға дайындалу, офицерлер кеңес өткізу және демалу бөлмелерімен біріктіруге рұқсат етіледі
9	Жалпы үй-жайлар (мәжіліс залы, мұрагат, көшіру-көбейту қызметі, серверлік, қоймалық құрал-жабдық, мүкеммалдар мен кеңсе заттары және басқалар	үй-жай	жалпы алаңның 20%	
10	Қосалқы үй-жайлар (дәліздер, желдету камералары, дәретханалар , жеке тазалық және басқа да үй-жайлар)	үй-жай	жалпы алаңның 20%	

Әкімшілік-қызметтік ғимараттар

1	Жалпы жұмыс (қызметтік) бөлмесі	жұмыс істейтін 1 адамға	7,5	
2	Өнірлік қолбасшылықтың, әскери бөлімдер мен Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының штабтары мен басқармаларының карталармен жүйелі түрде жұмыс істейтін қызметкерлеріне арналған жалпы жұмыс (қызметтік) бөлмесі	жұмыс істейтін 1 адамға	7,5-9,0	Жұмыс істейтін бір адамға орналастыру нормасы өнірлік қолбасшылықтың штабтары мен бригадалардың жедел бөлімшелері үшін $7,5 \text{ m}^2$, Ұлттық ұланның Bas қолбасшылығы штабтарының жедел бөлімдері үшін $9,0 \text{ m}^2$ мөлшерінде қолданылады
3	Ұлттық ұланның Bas қолбасшылығы, Өнірлік қолбасшылық, бригадаларлар мен әскери бөлімдер басқару органдарының жұмыс істеуіне арналған қызметтік үй-жай, жауынгерлік басқару орталығы (пункті)	жұмыс істейтін 1 адамға	7,5-9,0	Жұмыс істейтін бір адамға арналған орналастыру нормасы төмендегідей қолданылады: бригадалар мен әскери бөлімдер үшін $7,5 \text{ ш.м.}$ мөлшерінде Ұлттық ұланның Bas қолбасшылығы мен өнірлік қолбасшылық үшін $9,0 \text{ ш.м.}$ мөлшерінде

	Офицерлердің демалуына арналған бөлме	5 адамға	60,0	
	Қолбасшылық тобының бөлмесі	жұмыс істейтін 1 адамға	7,5-9,0	
	Бағыт тобының бөлмесі	жұмыс істейтін 1 адамға	7,5-9,0	
	Операторлар бөлмесі	жұмыс істейтін 1 адамға	7,5-9,0	
	Графикалық шешімді әзірлеу бөлмесі	жұмыс істейтін 1 адамға	7,5-9,0	
	Ақпарат орталығының бөлмесі	жұмыс істейтін 1 адамға	7,5-9,0	
	Командалық - барлау орталығының бөлмесі	жұмыс істейтін 1 адамға	7,5-9,0	
4	Есептеу-талдау тобына арналған үй-жай	5 адамға	37,5 – 45,0	
5	Өнірлік қолбасшылық, бригада командирі орынбасарының, штаб бастығының, басқарма бастығының, бөлім (дербес қызмет) бастығының қызметтік кабинеті	бөлме	20,0	
6	Өнірлік қолбасшылық қолбасшысы орынбасарының Әскери институт бастығы орынбасарының қызметтік кабинеті жұмыс орны бар қабылдау бөлмесі	бөлме бөлме бөлме	20,0 20,0 10,0	
7	Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығы бөлім, қызмет бастығының қызметтік кабинеті	бөлме	20,0	
8	Өнірлік қолбасшылық қолбасшысының Әскери институт бастығының қызметтік кабинеті, демалыс бөлмесі жұмыс орны бар қабылдау бөлмесі	бөлме бөлме бөлме	25,0 25,0 10,0 10,0	
9	Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығы штаб бастығы орынбасарының, бас басқарма бастығының, басқарма бастығының, басқарма бастығы	бөлме		

	орынбасарының қызметтік кабинеті		20,0	
10	Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы орынбасарының қызметтік кабинеті, демалыс бөлмесі жұмыс орны бар қабылдау бөлмесі	бөлме бөлме бөлме	36,0 12,0 10,0	
11	Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының қызметтік кабинеті, демалыс бөлмесі жұмыс орны бар қабылдау бөлмесі	бөлме бөлме бөлме	54,0 15,0 2,0	
12	Құжаттарды қабылдау-тапсыруға арналған тамбуры бар құпия іс жүргізу үй-жайы: әскери бөлім бірлестік, басқарма Құпия іс жүргізу үй-жайларының жалпы санынан: бастиқтың кабинеті инспектордың жұмыс бөлмесі чемодандарды сақтау орны	кемінде 2 бөлме кемінде 3 бөлме бөлме 1 адамға 1 адамға	30,0 (жалпы) 45,0 (жалпы) 12,0 дейін 15,0 0,09	Құпия бөлімнің (бөлімшесінің) штат санына қарай жеке есеппен
	Құпия құжаттармен жұмыс істеуге арналған бөлме	бөлме	15,0	
	Топографиялық карталарды сақтау орны	бөлме	16,0	
	Табуреті бар құпия емес іс жүргізу бөлмесі	бөлме	16,0	
13	Құпия және құпия емес істерді сақтауға арналған бөлек бөлмелері бар мұрагат	2 бөлме	кемінде 30,0 (жалпы)	Мұрагаттық құжаттарды сақтауға арналған мұрагат үй-жайды (мұрагат) құпия және құпия емес іс жүргізу үй-жайларымен біріктіруге тыйым салынады Үй-жай алаңын сақтау бірлігінің ұлғаюына барабар ұлғайтуға рұқсат етіледі
14	Қаржы бөлімінің касса бөлмесі	бөлме	10,0	Бөліністерде қаржы бөлімінде орын бөлінеді
15	Көбейту аппаратурасына арналған үй-жай	1 аппаратқа	10,0-12,0	Үй-жайдың өлшемі дайындаушы зауыттың ұсынымына сәйкес нақты орнатылатын аппаратураға қарай нақтыланады
16	Мәжіліс және жеке құрамның жиналышын өткізуге арналған зал	1 адамға	0,8	Бас, орталық, округтік басқармалар мен бірлестіктер үшін

17	Техникалық кітапхана - кітап сақтау орны	сақтаудың 1 мың бірлігіне	2,5	
18	Арнайы қызмет өкілінің кабинеті	бөлме	10,0	
19	Арнайы сынып	1 адамға	1,5	
20	Арнайы байланыс органының үй-жайы: Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығы өнірлік қолбасшылықтар бригадалар әскери бөлімдер шифрау техникасының аппараты			Бөлмелердің саны, олардың құрамы, аланды, функциональдық өзара байланысы қызметтің ұйымдастырушылық-штаттық құрылымы мен санына байланысты
	Байланысты құпияландыру аппаратының телеграфтық аппараттығы	2 жиынтыққа дейін	8,0	
	ұштық телеграфтық аппараттар аппараты	2 жиынтыққа дейін	8,0	
	орындаушылардың жұмыс істеуіне арналған бөлме	1 жұмыс орны	кемінде 4,0	
	жеке құрамның демалуына арналған үй-жай	1 орын	8,0	
	Көрғалған абоненттік пункттің үй-жайы	1 жұмыс орны	кемінде 15,0	
21	Кезекшінің бөлмесі: жедел: Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығының өнірлік қолбасшылықтың, бригаданың	бөлме бөлме	20,0 16,0	
	әскери бөлім арнайы мақсаттағы бөлімшелер (тобы) бойынша	бөлме бөлме	16,0 дейін 16,0 дейін	
22	Кезекшінің демалу бөлмесі: жедел: Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығының өнірлік қолбасшылықтың, бригаданың	бөлме бөлме	10,0 10,0	
	әскери бөлім арнайы мақсаттағы бөлімшелер (тобы) бойынша	бөлме бөлме	10,0 10,0	
23	Интернет класс	бөлме	18,0	

24	Қағазды кәдеге жаратуға арналған үй-жай	бөлме	8,0	
25	Келушілерді қабылдауға арналған бөлме	бөлме	16,0 дейін	
26	Киім іletін орын	1 адамға	0,08	Бөлек киім іletін орын болмаған кезде жұмыс бөлмелерінде ілгіштер көзделеді
27	Вестибюль	1 адамға	0,17	
28	Мұкәммалдар мен кенсе заттары қоймасы	қойма	6,0	
29	Тазалау мұкәммалдары қоймасы	қойма	3,0	
30	Дәретхана	үй-жай	жалпы аудан-ның 20%	50 ер адамға бір унитаз және бір писсуар, 30 әйелге бір унитаз. Дәретхана жынында шлюздерде 4 унитазға 1 колжуғыш, бірақ кемінде біреу көзделсін
31	Байланыс торабы мен есептеу орталығының үй-жайлары			Байланыс торабы, ЕО үй-жайларының құрамы, саны және өлшемі нақты орнатылған аппаратура мен құрал-жабдықтарға қарай жеке есеп бойынша қабылданады
32	Жауынгерлік туды орналастыруға арналған үй-жай	үй-жай	12,0	
33	Мемлекеттік тілді зерделеу кабинеті	үй-жай	45,0	15 орындық
34	Психологиялық көмек және оналту бөлмесі	үй-жай	20,0	
35	Серверлік үй-жай	үй-жай	қызмет көрсетілетін жұмыс алаңының әрбір 10 ш.м.-ге 0,09 ш.м. алан, бірақ кемінде 14 ш.м.	Негізгі тарату пункті серверлік үй-жайда орналастырылады

III. ӘСКЕРИ ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ КӘСПОРЫНДАРЫ

Сарбаздар асханасы

1	Асхананың тамақтандыру залы	1 орынға	1,2	Мерзімді қызметтегі жеке құрамды тамақтандыру асханаларда бір – екі ауысыммен ұйымдастырылады
2	Асханалардың өндірістік цехтары, қосалқы, қойма және әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлары: 125 орын /250 ас 250 орын/500 ас 500 орын/ 1 000 ас	1 үлестегі адамға	1,32 0,96 0,69 0,56	

	750 орын/ 1500 ас 1000 орын/ 2000 ас		0,52	
3	Киім іletіn орны және қолжуғышы бар вестибюль	1 адамға	0,12-0,19	Қолжуғыш 100 орынға бір кран, екі қолжуғышқа бір электр кептіргіш және су ішетін бұрқақ есебінен көзделеді

Курсанттар асханасы

1	Асхананың тамактандыру залы	1 орынға	1,3	Әскери оқу орнының, оқу бөлімдерінің курсанттар асханасында ауыспалы құрамды тамактандыру әдетте, бір ауысымда үйымдастырылады
2	Асханалардың өндірістік цехтары, қосалқы, қойма және әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлары: 1000 орын/1000 ас 1500 орын/1500 ас 1500 орын/2000 ас 3000 орын/ 3000 ас	1 үлестегі адамға	0,74 0,6 0,53 0,43	Оқу бөлімдерінің курсанттар асханасында өндірістік цехтар, қосалқы, қойма және әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлар сарбаздар асханасының нормалары бойынша жабдықталады
3	Киім іletіn орны және қолжуғышы бар вестибюль	1 адамға	0,17-0,25	Қолжуғыш залдағы 100 орынға бір кран есебінен көзделеді

Офицерлік асханалар

1	Асхананың тамактандыру залы	1 орынға	1,8	Тамактандыру залындағы орын саны үлестегі адамдардың бір уақытта 25% тамактандыруды қамтамасыз етеді
2	Асханалардың өндірістік цехтары, қосалқы, қойма және әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлары: 50 орын/200 ас 100 орын /400 ас 150 орын/600 ас 200 орын/800 ас 250 орын/1000 ас	1 орынға	3,04 2,61 1,89 1,76 1,74	
3	Киім іletіn орны және қолжуғышы бар вестибюль	1 орынға	0,34-0,5	Дәретханаларда 60 орынға бір унитаз және бір писсуар, шлюздерде 4 унитазға 1 қолжуғыш, бірақ кемінде біреу көзделеді

Сарбаздар шайханасы

1	Буфеті бар сауда залы	1 орынға	1,5	Шайханалар казармалық аймақтың жеке құрамының 1000 адамына 80 орын есебінен жабдықталады (құрылады)
2	Үстел ойындарына, газеттер мен журналдар оқуга арналған бөлме	залдағы 1 орынға	0,36-0,4	
3	Қосалқы үй-жайлар (дайындауга дейінгі, ыдыс жуу, қоймалар)	1 орынға	1,0	

4	Азық-түлікті қабылдау бөлмесі	үй-жай	12,0-18,0	
5	Киім іletін орны және қолжуғышы бар вестибюль	1 орынға	0,3	

Сарбаздар дүкені

1	Сарбаздардың аралас тауарлар дүкені	1 сауда орны	45,0	Сарбаздар дүкеніндегі сауда орнының саны казармалық аймақтың 1000 адамына екі орын есебінен қабылданады
---	-------------------------------------	--------------	------	---

IV. ӘСКЕРИ ИНСТИТУТТЫҢ ҒИМАРАТТАРЫ

1	Оку ғимараттары мен құрылыштардың оқу-зертхана аланы (жалпы), ауыспалы құрамның есептік саны: 2000-ға дейін адам болған кезде	1 білім алушыға	12,0	Ауыспалы құрамның есептік санымен қабылданады: біржолғы қабылдау санын есепке алмай күндізгі оку бөлімшесінің курсанттары (тындаушылары) -100%
	2000-нан 4000 адамға дейін	1 білім алушыға	11,5	курсанттар, тындаушылар
	4000-нан 6000 адамға дейін	1 білім алушыға	11,2	күндізгі оку бөлімшесіндегі шетелдік армияның әскери қызметшілері – 100%
1	Жалпы саннын: 500 орындық дәрісхана	1 орынға	0,90	қайта даярлау және біліктілігін арттыру курсаралының тындаушылары – 100%
	400 орындық дәрісхана	1 орынға	1,0	
	200-300 орындық дәрісхана	1 орынға	1,10	курсанттар, тындаушылар
	150 орындық дәрісхана	1 орынға	1,20	
	100 орындық дәрісхана	1 орынға	1,30	
	75-50 орындық дәрісхана	1 орынға	1,50	
	25 орындық дәрісхана	1 орынға	2,20	
	көрі байланысы бар 50-100 орындық дәрісхана (2 орындық үстелдері бар)	1 орынға	1,80	
	оқытатын және бақылаушы машиналары бар 12-25 орындық дәрісхана	1 орынға	3,0	
	Дәрісханалар жаңындағы препараторлықтар			
	физикалық дәрісхана жаңында: 500-400 орынға 300-200 орынға	бөлме	144,0	
		бөлме	108,0	
	химиялық дәрісхана жаңында: 300-200 орынға	бөлме	72,0	

жоғарғы математика, сызба геометриясы, материалдар кедергісі және басқа да пәндер бойынша сабактарға арналған дәрісханалар жынында орындар саны: 300 - 200 орын 150 - 100 орын	кабинет кабинет	72,0 36,0	
құрал-жабдықтың орналасуына және мақсатына қарай оқу кабинеттері	1 орынға	2,2	Технологиялық және оқу құрал-жабдықтарын орнатуға қажетті алаң оны орнатуға, көрсетуге және қызмет көрсетуге қажетті аланды ескере отырып анықталады
25 орындық курстық, дипломдық жобалау залдары, сызу залдары	1 орынға	3,6	
курстық және дипломдық жобалаудың сызу залдары жынындағы мұрагаттар	1 залға	9,0	
сyzу залдары жынындағы модель бөлмелері	1 залға	18,0	
бағдарламаланған оқытудың техникалық құралдары бар мамандандырылған оқу кабинеттері: оқыту және бақылау машиналары сыйныбы	1 орынға	2,2	
көрі байланыс құрылғысы бар оқыту және бақылау машиналары сыйныбы	1 орынға	3,0	
есептеу техникасы кабинеттері: үстел есептеу машиналары кабинеттері	1 орынға	3,0	
есептеу машиналарына арналған зал (машиналардың түріне қарай)	кабинет	54,0	
бағдарламалау кабинеті	1 орынға	2,2	
есептеу техникасы бойынша кеңес беру кабинеті	кабинет	36,0	
зертханалық	кабинет	18,0	
шет тілімен айналысу кабинеті: лингафондық	1 орынға	3,0	
фоно зал	1 орынға	1,8	

	препараторлық	кабинет	18,0	
	дыбыс жазу студиясы мен аппараты	кабинет	36,0	
2	Спорт залдары: әмбебап үлкен зал 42x24; әмбебап орташа зал 36x18 күреске, боксса, семсерлесуге және т.б. арналған ә м б е б а п мамандандырылған зал 24x15	зал зал зал	1080 648 360	Ауыспалы құрамның есептік саны 4000-нан аса адам болған кезде 1000 адам ауыспалы құрамның есептік санына бір зал Ауыспалы құрамның есептік саны 4000-нан аса адам болған кезде
3	Факультеттердің, кафедралардың үй-жайлары:			
	факультет бастығының кабинеті	кабинет	24,0	
	факультет бастығы орынбасарының кабинеті	кабинет	18,0	
3	факультеттің қоғамдық үйымдар үй-жайлары	бөлме	18,0	
	кафедрадағы оқытушылар бөлмесі	1 адамға	5,0	Кафедрада оқытушылар бөлмесі оқытушылардың 100% штат санына құрылады
	факультеттегі оқытушылар бөлмесі	1 адамға	2,0	Факультеттерде оқытушылар бөлмесі оқытушылардың 50 % штат санына құрылады
	кафедраның әдістемелік кабинеті	кабинет	54,0	
4	Оқу кітапханасы: кітап сақтау орны: негізгі сақтау – кордың 70%	1 мың сақтау бірлігіне	2,5	Бір келушіге арналған оқу кітапханасын сақтау қорының көлемі жоғары әскери оқу орнының бейініне (техникалық, гуманитарлық) қарай қабылданған жөн: техникалық - 100 бірлік гуманитарлық - 125 бірлік
	ықшам сақтау - кордың 20%	1 мың сақтау бірлігіне	1,25	
	қорға ашық кіру -10%	1 адамға	5,0	
	қызметкерлерге арналған қызметтік алан	1 адамға	4,0	
	қызметтік-өндірістік үй-жайлар	1 мың сақтау бірлігіне	3,0	
	оқу залы: оқу бөлімшесі	1 оқырманға	2,4	Оқырмандар орнының саны келушілердің санына және жоғары әскери оқу орнының бейініне (техникалық, гуманитарлық) қарай қабылданады:
	ғылыми бөлімше абонемент:	1 оқырманға	3,0	техникалық - 12% гуманитарлық – 15-20%

	оқырмандарға арналған алаң	1 оқырманға	1,8	
	қызметкерлерге арналған алаң	1 адамға	5,0	
5	Карталарды сақтауға арналған үй-жайлар	1 оқырман орнына	0,04-0,05	
6	Карталарды желімдеуге арналған үй-жайлар	айналысатын 1 адамға	5,0	
7	Мәжіліс залы	1 орынға	0,8	Ауыспалы құрамның есептік санына қарай мәжіліс залындағы орын саны төмендегідей қабылданады: 2000-нан кем адамға – 700 орын; 2000-нан 4000 адамға дейін – 900 орын
8	Фойе – би залы	1 орынға	0,6	
9	Клуб үй-жайлары	1 адамға	5,0	Үй-жай ауыспалы құрамның кемінде 70%
10	Фылыми кенес залы – ауыспалы құрамның есептік санына қарай: 5000 адамға дейін; 5000 адамнан жоғары	зал зал	72,0 90,0	
11	Кызметтік ғимараттар мен үй-жайлардың жалпы алаңы (басқарма, Әкімшілік-шаруашылық қызмет, құжаттаманы көбейту бөлімі және т.б.) ауыспалы құрамның есептік санына қарай 1000-нан кем адам 1000-нан 2000-ға дейін адамнан 2000-нан 4000-ға дейін адамнан 4000-нан 6000-ға дейін адамнан аспауы туіс	1 адамға	1,0 0,8 0,7 0,6	Арнайы құрал-жабдықтары бар типографиялар, фотозертханалар, есептегіш орталықтары және басқа да үй-жайлар үшін қажетті алаң технологиялық жобалар, сондай-ақ дайындаушы зауыттардың талаптары негізінде анықталады
12	БҚА сыйныбы оку орындары аппараттарды жөндеу және баптау шеберханасы арнайы байланыс бойынша сабак өткізуге арналған 12-15 орындық дәрісхана	4 оку жұмыс орны 1 жұмыс орны 1 орынға	32,0 8,0 3,0	
V. ӘСКЕРИ БӨЛІМДЕРДІҢ ОҚУ ҒИМАРАТТАРЫ МЕН СЫНЫПТАРЫ				
1	100 орындық дәрісхана	1 білім алушыға	1,3	Оку ғимараттары мен сыйнитардың есебі мерзімді қызметтегі жеке құрамның штат

2	Арнайы құрал-жабдықтарды талап етпейтін сабактар өткізуге арналған сынныптар, 25-30 орындық	1 білім алушыға	1,3	санының 1/3 біруақытта қамту есебімен жүргізіледі. Сабактарды бір ауысымда күніне 6 сағат бойынша аптасына 5 оку күні есебімен жоспарлаған жән. Оқу ғимараттары полктен (жеке батальоннан) бастап жабдықталады (құрылады)
3	Арнайы оқу сынныптары, зерханалар, технологиялық құрал-жабдықтары, ірі габаритті техникасы немесе тренажерлары бар оқу шеберханалары	1 оқи-тынга	2,2-3,0	Арнайы оқу сынныптарының өлшемі техниканы және құрал-жабдықтарды шығаруыш зауыттың техникалық паспортына сәйкес монтаждау, көрсету үшін қажетті аланды ескере отырып есептеледі
4	Оқытушылар бөлмесі	бөлме	16,0-18,0	
5	Оқу корпусы бойынша кезекшінің бөлмесі	бөлме	10,0-12,0	
6	Оқу корпусы бастығының бөлмесі	бөлме	10,0-12,0	
7	Көрнекі құралдарды сақтауға арналған бөлме	бөлме	8,0-10,0	Әрбір қабатта көзделеді
8	Кітапхана (кітап сақтау орны)	сақталатын 1 мың бірлікке	2,5	
9	Тазалау мүкәммәрдарына арналған үй-жай	бөлме	2,0	
10	Дәретхана	жалпы аудан-ның 20%		40 адамға бір унитаз және 1 писсуар

VI. ӘСКЕРИ КЛУБТАР

Жалпы үй-жайлар

1	Көрермендер залы	көрермендер залындағы 1 орынға	0,65	
2	Буфеттік бағаны бар фойе	көрермендер залындағы 1 орынға	0,4	
3	Бұқаралық іс-шаралар фойе –залы	көрермендер залындағы 1 орынға	0,6	
4	Фойе-вестибюль	1 келушіге	0,45	

Клубтық бөлік

1	Клубтық үй-жай	1 адамға	5,0	Ауыспалы құрамның кемінде 70%
2	Мәдени-бос уақыт орталығы	1 адамға	5,0	Ауыспалы құрамның кемінде 70%
3	Әскери бөлімнің мұражайы (шаруашылық үй-жайларын қосқанда)	1 адамға	3,75	
	Кітапхана:			

	кітап беру кафедрасының орны	1 адамға		
4			5,0	
	әдебиеттерді өндейтін қызметкердің орны	1 адамға	6,0	
	ашық қолжетімді қор (жалпы қордың 80%)	сақталатын 1 мың қорға	4,5	
	жабық қолжетімді қор (жалпы қордың 20%)	сақталатын 1 мың қорға	2,5	
	оку залы	1 оку орнына	1,4	
5	Үйрмелер жұмысына арналған бөлме: хор, қызыгушылық бойынша әмбебап мақсаттағы, театрлық-драмалық, бейнелеу, кинофото-техникалық оркестр, асүйлік құрал-жабдықтары бар тұрмыс мәдениеті би, цирк, шығармашылық және қолөнер	1 адамға	1,4 2,0 2,5 5,0	
6	Эстрадасы бар би залы	1 адамға	1,1	

Қызметтік-тұрмыстық үй-жайлар

1	Фойе-вестибюль	1 келушіге	0,45	
2	Клуб бастығының кабинеті	бөлме	15,0	
3	Әкімшілік және қызмет көрсетуші персоналдың үй-жайы	1 келушіге	0,03	
4	Кезекші әкімгердің үй-жайы	бөлме	6,0	
5	Клуб активінің жағдайы, әдістемелік кабинет	1 келушіге	0,02	Алаңы кемінде 18 м ² бөлме
6	Шаруашылық қоймалар	1 келушіге	0,02	
7	Дәретханалар	1 келушіге	0,07	Дәретханаларда: 150 ер адамға 1 унитаз, 2 писсуар; 75 әйелге 75 әйелге 1 унитаз; шлюздарде 100 адамға 1 колжуғыш, бірақ кемінде біреу көзделеді

VII. ҚАРАУЫЛ ҮЙ-ЖАЙЛАРЫ

1	Карауылдың жеке құрамына арналған жалпы бөлме	сергек ауысымның 1 адамына	2,6	
2	Демалатын ауысымға арналған бөлме	демалушы 1 адамға	5,0	

3	Қарауыл бастығының және оның көмекшісінің бөлмесі	бөлме	10,0-16,0	
4	Пульттің орналасу бөлмесі	бөлме	10,0	
5	Тамак ысытуға және ішуге арналған бөлме	бөлме	9,0-12,0	Қарауыл үй-жайларында бес бекетке дейін қоса алғанда қарауыл құрамына көзделеді
6	Асхана	1 адамға	1,2	Саны бес бекеттен көп қарауыл үшін көзделеді. Орындардың саны қарауыл құрамының 2/3 есебінен қабылданады
7	Қару тазалауға арналған үй-жай (орын)	3 бекет 5 бекет 10 бекет	6,0 8,0 15,0	
8	Темекі шегуге, киім және аяқ киім тазартуға арналған үй-жай (орын)	3 бекет 5 бекет 10 бекет	5,0 8,0 10,0	
9	Киім-кешек пен бекеттік киімді кептіру орны	3 бекет 5 бекет 10 бекет	2,0 5,0 8,0	
10	Қойма	3 бекет 5 бекет 10 бекет	3,0 5,0 8,0	
11	Дәретхана	үй-жай	жалпы аудан-ның 20%	10 адамға бір унитаз, бір писсуар, бір қол жуғыш

VIII. БАҚЫЛАУ-ӨТКІЗУ ПУНКТЕРІ

1	Бақылау-өткізу пункті бойынша кезекшінің бөлмесі (бұдан әрі -БӨП)	бөлме	6,0	
2	БӨП бойынша кезекшінің демалатын бөлмесі	бөлме	6,0	
3	Өтү бөлмесі	бөлме	6,0	
4	Келушілерге арналған және туыстарымен кездесуге арналған бөлме	1 адамға	1,2	4 орындық үстелмен және орындықтармен жабдықталады
5	Рұқсаттамалар жазуға арналған бөлме	бөлме	6,0	
6	Рұқсаттама жазуды күтүшілерге арналған бөлме	1 адамға	0,4	Келушілерге арналған бөлме болмаған кезде жабдықталады
7	Мүкәммал қоймасы	бөлме	1,0	
8	Сақтау камерасы	бөлме	1,0	
9	Шлюздегі қолжуғышы бар дәретхана	үй-жай	жалпы аудан-ның 20%	БӨП-ке бір писсуар және бір унитаз

IX. КИНОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЛАШЫҚТАР

1	Қызметтік иттерді орналастыруға арналған біржақты павильон (вольер)	1 қызметтік итке	7,5	
	Үй-жайлары бар ғимараттар:			Жинақы орналастыру (салу) мақсатында негізгі үй-жайлар бір ғимаратта болуы мүмкін, бірақ жеке есіктері болуы тиіс
	кинологиялық қалашық бойынша кезекшіге арналған және тәуліктік жасақшаның адамдары демалатын бөлме	бөлме	12,0	
2	арнайы даярлық сыйныбы	1 білім алушыға	1,5	
	киім ілетін орын бөлмесі – қойма	1 адамға	0,25-0,35	
	дәретханасы және душы бар демалыс бөлмесі	1 адамға	-	10 адамға унитазы бар кабина және бір писсуар. Душ 10 адамға бір кран (душ торы) есебінен
	азық дайындауға арналған асхана	қызметтік иттердің саны бойынша	12,0	
	резервтік асхана	қызметтік иттердің саны бойынша	12,0	
	Ветеринарлық пункт (емхана):	қызметтік иттердің саны бойынша		
	амбулатория	үй-жай	6,0	
	ветеринарлық маманның кабинеті	1 адамға	7,5	
3	манеж – қабылдау бөлмесі	үй-жай	6,0	
	дәріхана	үй-жай	3,0	
	биопрепараттарға арналған қойма (үй-жай тоңазытқышы бар)	үй-жай	3,0	
	дезинфекциялау құралдарына арналған қойма	үй-жай	2,0	

X. ӘСКЕРИ БӨЛІМДЕРДІҢ СПОРТТЫҚ ЗАЛДАРЫ

1	Спорт залы	1 дайындалушыға	7,0	Біруақытта спорт залда дайындалатындардың санын әскери бөлім жеке құрамының 7-10% шегінде алған жөн. Спорт залдың ең аз алаңы 70 м ² кем емес
---	------------	-----------------	-----	--

XI. АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚЫЗМЕТИНІҢ ОБЪЕКТИЛЕРИ

1	азық-түлік қоймасы	1 тоннага	1,25	Азық-түлікті, картопты және жемісті жәшікті төсемдерде сақтаған кезде, сондай-ақ жалпак төсемдерді колданған кезде аландардың нормасы қолданылатын
---	--------------------	-----------	------	--

				жәшіктің және жалпақ төсемдердің құрылымы мен габариттеріне байланысты артуына қарай өзгеруі тиіс
2	көкөніс сақтау орны	1 тоннага	1,47	Азық-түлікті, картопты және жемісті жәшікті төсемдерде сақтаған кезде, сондай-ақ жалпақ төсемдерді қолданған кезде аландардың нормасы қолданылатын жәшіктің және жалпақ төсемдердің құрылымы мен габариттеріне байланысты артуына қарай өзгеруі тиіс
3	тоңазытқыш	1 тоннага	2,5	

XII. ЖАЛПЫ МАҚСАТТАҒЫ ӘСКЕРИ МУЛІКТІ САҚТАУ ОРНЫ

1	артиллериялық және авиациялық: қару-жарап	1 вагонға	30-35	Екінші сан мұлікті контейнерлерде сақтауды ұйымдастыру кезіндегі қойма алаңының қажеттілік көрсеткіштері болып табылады
2	автотракторлық қосалқы бөлшектер, парк-гараж жабдықтары, авторезеңкелер	1 вагонға	20-25	
3	броньдытанк қару-жарагы мен техникасы	1 вагонға	25-30	
4	киім-кешек мұлкі	1 вагонға	35-40	
5	ветеринарлық мұлік	1 вагонға	25-30	
6	сұнгу және кеме жөндеу мұлкі	1 вагонға	25-30	
7	оптикалар	1 вагонға	20-25	
8	доза өлшегіш аспаптар	1 вагонға	25-30	
9	инженерлік мұлік	1 вагонға	25-30	
10	байланыс, автоматтандыру құралдары және мұлкі	1 вагонға	26-35	
11	жанармаймен жабдықтау қызметінің мұлкі	1 вагонға	30-35	
12	лак және бояулар	1 вагонға	25-27	
13	медициналық-санитарлық мұлік	1 вагонға	30,0	
14	жиһаздар, құрылыш материалдары, активтер	1 вагонға	30-40	
15	шаруашылық мұлік	1 вагонға	18-25	
16	азық-түлік	1 вагонға	25-30	
17	радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау құралдары	1 вагонға	22-25	
18	радиотехникалық мұлік	1 вагонға	30-40	

19	топографиялық мүлік, аспаптар мен карталар	1 вагонға	50-52	
----	--	-----------	-------	--

XIII. ТЕХНИКА ЖӘНЕ ҚАРУ-ЖАРАҚ ПАРКІ АЙМАҒЫНЫҢ ҒИМАРАТТАРЫ МЕН ҚҰРЫЛЫСТАРЫ

1	Автомобильдерді сақтау орны: 4 орындық женіл	1 машина-орынға	13,0	Автомобилльдерді, брондытанктің қару-жарагын және басқа да техниканы сақтауга арналған сақтау орындары, аспалар немесе ашық аландар көзделеді Тұрақты парктің барлық сақтау орындары жылтылады
	5 орындық женіл	1 машина-орынға	18,0	Қақпаның биіктігі 2 м төмен емес
	7 орындық женіл	1 машина-орынға	22,0	Қақпаның биіктігі 2,5 м төмен емес
	2-2,5 тонналық жүк	1 машина-орынға	23,0	Қақпаның биіктігі 3,0 м төмен емес
	4 тонналық жүк	1 машина-орынға	30,0	Қақпаның биіктігі 3,5 м төмен емес
	7 тонналық жүк	1 машина-орынға	38,0	Қақпаның биіктігі 4 м төмен емес
	12 тонналық жүк	1 машина-орынға	48,0	Қақпаның биіктігі 4 м төмен емес
2	Екі осьті тіркемелерге арналған сақтау орны	1 машина-орынға	16,0	Жылтылады. Қақпаның биіктігі 4 м төмен емес
3	Броньдытранспортерларға арналған сақтау орны	1 машина-орынға	50,0	Жылтылады. Қақпаның биіктігі 3,5 м төмен емес
4	Техникалық қызмет көрсету және жөндеу пункті (бұдан әрі - ТҚҚЖП)	1 бекетке	150,0	Техникалық қызмет көрсету және жөндеу пунктінің саны есеппен айқындалады. Орташа есеппен желілік бөлімдерде штаттық техниканың 25-35 бірлік және оку бөлімдерінде пайдаланылатын техниканың 30-40 бірлігіне бір бекет
5	Тазалау және жуу пункті	1 бекетке	140,0	Бекеттердің саны есеппен айқындалады. Орташа есеппен 20-30 штаттық машинаға бір бекет. Тазалау және жуу пункті әдетте, екі бекеттен тұрады: ішкі тазалау бекеті және тазартып жуу бекеті
6	Күнделікті техникалық қызмет көрсету пункті	1 бекетке	75,0	Әдетте, тазалау және жуу пунктінен кейін жабық жылтылатын ғимараттарда немесе ашық аландарда (аспасы бар) орналасады
7	Аккумуляторлық	1 участкеге	12,0	Тұрақты парктің аккумуляторлықтары участкелерге бөлінеді: құрғақ зарядталған аккумуляторлық батареяларды сақтау және жұмыс күйіне келтіру участкесі аккумуляторлық батареяларды кабылдау және беру участкесі
				Ғимараттарда қоймалар ағымдағы үлесті сақтауға, ерекше кезеңге арналған мүлікті (жөндеу жинақтары) сақтауға арналған

8	Автоброндытанд мұлкі қоймасы	үй-жай	20,0	үй-жайлар, мулікті өндегу және қайта консервациялауға арналған, сыйылған және сүйытылған газы бар баллондарды сақтауға арналған үй-жайлар жабдықталады және бір-бірінен өртке қарсы қабырғалармен бөлінеді
9	Лак-бояу химиялық материалдар қоймасы	1 бірлік техникаға	0,3	Лак-бояу материалдарына арналған қойма әдетте, негізгі қоймалардан бөлек тұрақты парктің басқа ғимараттарынан кемінде 10 м қашықтықта жартылай терендетілген ғимаратта жабдықталады
10	Бақылау-техникалық пункті (бұдан әрі – БТП): БТП бастығының үй-жайы	бөлме	16,0	Әскери бөлім паркіне бір ғимарат. БТП паркten шығатын негізгі (басты) есіктің жанында орналасады және өткелмен біріктірілген ғимараттан, шығу және кіру қақпасынан тұрады. БТП бір немесе екі қабатты ғимарат болып табылады. БТП бастығының үй-жайы бірінші қабатта орналасады және бөлім командирінің қару-жарап жөніндегі орынбасарымен және парк бойынша кезекшімен телефондық және екі жақты тікелей дауыс зорайтқыш байланысымен жабдықталады
10	парк бойынша тәуліктік жасақшаның демалуына арналған үй-жай	бөлме	12,0	Жасақшаның демалуына арналған үй-жай БТП ғимаратында басқа үй-жайлардан оқшаулануы және саны екі-үш адам болатын тәуліктік жасақша адамдарының демалу мүмкіндігін қамтамасыз етеді
	парк бойынша кезекшінің үй-жайы	бөлме	16,0	Парк бойынша кезекшінің үй-жайы ТБП бірінші қабатында орналасады және парк аумағын шолуды, паркten машиналардың шығуын және кіруін бақылауды қамтамасыз етеді
	кезекші жүргізушілердің демалуына арналған үй-жай	1 адамға	3,0	Кезекші құралдар жүргізушілерінің үй-жайы біруақытта үш адамның демалу мүмкіндігін қамтамасыз ететін есептен ТБП ғимаратының бірінші қабатында орналасады. Үй-жайда парк бойынша кезекшімен екі жақты селекторлық байланыс орнатылады. Кезекші құралдар жүргізушілерінің үй-жайында құжаттамалар тақтасы жабдықталады
	жүргізушілерге және машина басшыларына нұсқама беру сыныбы	1 адамға	4,0	Алаңы кемінде 40 м ² бөлме. Сыныптың алаңы біруақытта саны 20-30 адам болатын жеке құраммен сабак өткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді
11	Санитарлық торап	1 адамға	3,0	Санитарлық торап ТБП ғимаратының бірінші қабатында жабдықталады. Ол басқа үй-жайлардан оқшауланады. Дәретханамен және қолжұғышпен жабдықталады. Дәретханага кіру өздігімен жабылатын есігі бар тамбур арқылы жасалады. Дәретханада

				ТБП болатын әскери қызметшілердің (тәуліктік жасақша, кезекші құралдардың жүргізушилері) барынша көп санына арналған норма есебінен генуялық унитаз және писсуарлар орнатылады
12	Медициналық тексеру бөлмесі	бөлме	9,0	Жүргізушилерді (жүргізуі-механиктерді) медициналық тексеруге және парктен шығар алдында және паркке келген соң жол құжаттамаларын ресімдеуге арналған
13	Қызметтік үй-жай	бөлме	18,0	Қызмет бастықтары және бөлініс команирлерінің техникалық бөлік және кару-жарақ жөніндегі орынбасарлары жұмыс істеуге арналған үй-жай
14	Техникаға ЖЖМ құю пункттері және ЖЖМ шығындау қоймалары: тарату колонкалары ЖЖМ шығындау қоймалары	дана m^3	- -	Тарату колонкалары болжамды есеппен отын түрі бойынша штаттық техниканың 30-40 бірлігіне бір колонка, бірақ отынның әрбір түріне кемінде бір колонка болуы тиіс. Резервуарлардың саны және сыйымдылығы машиналардың кезекшілікten мерзімді келуін есепке алғанда кару-жарақ пен әскери техниканың 10 тәуліктік қажеттігін сақтауды қамтамасыз етуі тиіс. Бұл ретте жанармайдың әрбір маркасына кемінде бір резервуар бөлінуі тиіс

Ескертпе: Техника және қару-жарақ паркі аймағының тұрмыстық үй-жайларының (дәретхана, душ бөлмесі, киім ілетін орын) алаңы әскери ғимараттардың осыған ұқсас үй-жайларының нормасы секілді есептеледі

XIV. ӘСКЕРИ ШЕБЕРХАНАЛАР

1	Темір-қару шеберханасы	1 жұмыс орнына	9,0	
2	Ағаш шеберінің шеберханасы	1 жұмыс орнына	9,0	
3	Киім-кешек мұлкін жөндеу шеберханасы	1 жұмыс орнына	12,0	
4	Радиациялық, химиялық және биологиялық, қорғау құралдарын жөндеу шеберханасы	1 жұмыс орнына	7,0	
5	Байланыс мұлкін және радиотехниканы жөндеу шеберханасы	1 жұмыс орнына	7,0	
6	Артиллерияның материалдық бөлігін жөндеу шеберханасы	1 жұмыс орнына	12,0	
7	Ұста-дәнекерлеу цехі	1 жұмыс орнына	23,0	

XV. МОНШАЛАР МЕН КІР ЖУУ ОРЫНДАРЫ

Моншалар		Моншаның сыйымдылығы әскери қалашықтың тұрғын және казармалық
----------	--	---

	Негізгі үй-жайлар: киім ілетін орны бар вештибюль күту-салқындау бөлмесі	1 орынға	15,0-17,0 0,17	аймақтың көлеміне байланысты. 1000 адамдық моншадағы орынның есептік саны : казармалық аймақ – 16-18 орын
	жуыну бөлімі	үй-жай	жалпы аудан-ның 80%	
	құрама тиpptі моншалардағы душ бөлмелері	1 орынға	3,5	тұрғын аймақ - 5 орын
	бу бөлмесі	1 орынға	6,0-8,0	
1	кір және таза киімге арналған қойма	1 орынға	0,13-0,16	
	дәретхана	үй-жай	жалпы ауданың 20%	Киінетін және шешінетін үй-жайларда шлюзде колжуктың бар 1 унитазга дәретхана жабдықталады
	Қосалқы үй-жайлар: шаштараз	1 креслоға	4,0-4,5	
	жуу және дезинфекциялау заттарының, сондай-ақ тазалау мүліктерінің қоймасы	1 орынға	0,04-0,08	
	қызмет көрсету персоналының бөлмесі	1 жұмысшыға	0,8-1,0	
	шаруашылық үй-жайы	1 жұмысшыға	2,0	
	Механикаландырылған кір жуу орны			
2	негізгі цехтар мен өндірістік бөліністер:	жұмыс 0,5-2,0 т / аудысым болғанда аудысымға 100 кг құрғақ киім		1000 адамның киімін жуу нормасы казармалық аймақ - 500 кг/ тәулік тұрғын аймақ – 90 кг/ тәулік
	кір киімді қабылдау, іріктеу, белгілеу және сақтау цехі;	аудысымына 100 кг құрғақ киім	5,5-6,0	
	кір киімдерді тапсырушыларға арналған күту бөлмесі	аудысымына 100 кг құрғақ киім	2,5-3,5	
	кір жуу цехы	аудысымына 100 кг құрғақ киім	11,0-15,0	
	кептіру-үтіктеу цехы	аудысымына 100 кг құрғақ киім	16,0-18,0	
	таза киімді бөлу және сақтауға арналған үй-жай	аудысымына 100 кг құрғақ киім	6,6-8,0	
	таза киімді алушыларға арналған күту бөлмесі	аудысымына 100 кг құрғақ киім	1,0-2,0	

	кір жуу машиналары мен мұліктерін жөндеу шеберханасы және қоймасы	аудиосымына 100 кг құрғақ киім	3,5-5,5	
	Кір жуу орындарының жанындағы шеберханалар мен шаруашылық үй-жайлар: киімді және киім-кешекті жөндеу шеберханасы	аудиосымына 100 кг құрғақ киім	16,0-40,0	
	мұлікті химиялық тазарту	аудиосымына 100 кг құрғақ киім	30,0-50,0	
	мұлікті бояу	аудиосымына 100 кг құрғақ киім	16,0-25,0	
	киім-кешекті үтіктеу және құлақшындарды түзету	аудиосымына 100 кг құрғақ киім	18,0-35,0	
	тазартылған мұлікті сактау орны	аудиосымына 100 кг құрғақ киім	12,0-40,0	
	кір мұлікті сактау қоймасы	аудиосымына 100 кг құрғақ киім	20,0-38,0	
3	Киім-кешек мұлкін химиялық тазарту			
	кір мұлікті қабылдау участкесі	аудиосымға 1 тонна	40,0	
	кір мұлік қоймасы	аудиосымға 1 тонна	50,0	
	тазарту участкесі	аудиосымға 1 тонна	170,0	
	желдету камерасы	аудиосымға 1 тонна	9,0	
	таза мұлік қоймасы	аудиосымға 1 тонна	50,0	
	тарату участкесі	аудиосымға 1 тонна	15,0	

XVI. ӘСКЕРИ ҚАЛАШЫҚ ТҮРГЫН АЙМАҒЫНЫҢ ЖЕКЕ ОБЪЕКТИЛЕРИ

1	Жатақхана	1 адамға	9,0-10,0	Түргын аймақтың түргындары 1000 адам болатын әскери қалашық обьектілерінің сыйымдылық нормасы: 100-150 адамға
2	Қонақ үй	1 орынға	12,0-13,0	5 орын
3	Түргын үй	1 адамға	15,0-18,0	
4	Дүкен	1 сату орнына	45,0	1 сату орны

XVII. БАЙЛАНЫС ОБЪЕКТИЛЕРИ МЕН ҮЙ-ЖАЙЛАРЫ

Стационарлық байланыс тораптары

Байланыс торабын басқару пункті (байланыс бойынша кезекшінің және байланыс бойынша	бөлме		
--	-------	--	--

1	кезекші көмекшісінің жұмыс орындары)		2 жұмыс орнына 14,0	1 жұмыс орнына 7,5 ш.м. есебінен
	Байланыс торабын басқару пункті (байланыс бойынша кезекшінің демалу бөлмесі)	бөлме	7,5	1 адам демалуға арналған
2	Қабылдайтын радиоорталық (радио торап)	бөлме	б і р жауынгерлік бекетке 7,5	Жауынгерлік бекеттердің саны және құрал-жабдықтарды орналастыратын үй-жайлардың қосымша алаңы орындалатын міндеттерге (схема-бұйрық) және орнатылған құрал-жабдықтарға байланысты айқындалады, бұл ретте монтаждау және орнату бойынша техникалық талаптар сақталады
3	Таратушы радиоорталық	бөлме	б і р жауынгерлік бекетке 7,5	
4	Коммутатор (селекторлық кеңестер операторы)	бөлме	б і р жауын-герлік бекетке 7,5	
5	Серверлік (телефон станциясы)	бөлме	2 жұмыс орнына 14,0	
6	Кросстық	бөлме	4,0	
7	Радио және техникалық бақылау пункті	бөлме	б і р жауын-герлік бекетке 7,5	
8	Электрмен қоректендіру орны (байланыс объектісін үздіксіз кепілдендірілген электрмен қоректендіру көзі)	үй-жай	бір жұмыс орнына (жауын-герлік бекетке) 7,5	
9	Дизель сақтау орны	кунг (контейнер)	6,0	
10	Фельдъегерлік-пошталық байланыс станциясы	бөлме	бір жұмыс орнына 7,5	
11	Байланыс торабы бастығының (байланыс бастығының) кабинеті	бөлме	7,5	
12	Байланыс торабы элементтері (станциясы, орталық) бастықтарының, байланыс бөлінісі командирінің жұмыс орны	алаң	бір адамға 7,5	
13	Байланыс торабы кезекші аудиосистемың жеке құрамын даярлау сыйныбы	бөлме	7,5	Байланыс торабы кезекші аудиосистемың бір білім алушысына
14	Зарядтау-техникалық база	үй-жай	бір зарядтау орнына 2,0	Үй-жай міндетті түрде ауа жіберу және сору желдеткішімен жабдықталады
15	Техникалық мұлікті, қосалқы бөлшектерді құрал-саймандар мен	бөлме		

	керек-жаракты сактауга арналған қойма		6,0	
16	Дәретхана	үй-жай	4,0	10 адамға бір унитаз, бір писуар, бір қолжуғыш

Жеке орналасқан бөлімшениң байланыс пункті

1	Байланыс пункті бойынша кезекші	бөлме	7,5	Үй-жайдың қосымша алаңы орнатылған байланыс құрал-жабдығына байланысты айқындалады, бұл ретте монтаждау және орнату бойынша техникалық талаптарды сақталу қажет
2	Радиоторап / телефон станциясы	бөлме	бір жауынгерлік бекетке 7,5	
3	Техникалық мүлікті, қосалқы бөлшектерді құрал-саймандар мен керек-жаракты сактауга арналған қойма	бөлме	6,0	

Байланыс қоймасы

1	Байланыс қоймасы	үй-жай	40	Байланыс қоймасында инженерлік мүлік, автоматтандыру мүлкі орналасқан кезде нақты қажеттігіне қарай қосымша алаң бөлінеді
---	------------------	--------	----	---

Жөндөу орталығы (байланыс құрал-жабдықтарын жөндөу шеберханасы)

1	Орталық жетекшісінің кабинеті	бөлме	7,5	
2	Б а й л а н ы с құрал-жабдықтарын жөндөу және қызмет көрсету үй-жайы	бөлме	бір жұмыс орнына 7,5	
3	Электрмен қоректенетін құрылғыларды жөндөу және қызмет көрсету үй-жайы	бөлме	бір жұмыс орнына 7,5	Үй-жайлардың қосымша алаңы орнатылған байланыс құрал-жабдығына байланысты айқындалады, бұл ретте монтаждау және орнату бойынша техникалық талаптардың сақталуы қажет
5	Тексеруге (тестілеуге) арналған үй-жай	бөлме	бір жұмыс орнына 7,5	
6	Техникалық мүлікті, қосалқы бөлшектерді құрал-саймандар мен керек-жаракты сактауга арналған қойма	бөлме	6,0	
7	Зарядтау-техникалық база	үй-жай	бір зарядтау орнына 2,0	Үй-жай міндетті түрде ауа жіберу және сору желдеткішімен жабдықталады
8	Арнайы даярлық сыйныбы	үй-жай	бір оқитынга 7,5	Оқу сыйныптарының қосымша алаңы оқу құрал-жабдықтары мен мүліктерін монтаждау үшін қажетті орындарды ескере отырып, қаралады
9	Дәретхана	үй-жай	4,0	10 адамға бір унитаз, бір писуар, бір қолжуғыш

Оқу байланыс торабы

1	Оқу байланыс торабы бастығының кабинеті	бөлме	7,5	
---	---	-------	-----	--

2	Оқу радио торабы	бөлме	бір оқу бекетіне 7,5		
3	Оқу телефон станциясы	бөлме	бір оқу бекетіне 7,5		
4	Оқу серверлігі	бөлме	бір оқу бекетіне 7,5		
5	Оқу кросстығы	бөлме	4,0		
6	Арнайы даярлық сыйныбы	үй-жай	о қ у то-бының бір оқи-тынына 7,5	Оқу сыйнұптарының қосымша алаңы оқу құрал-жабдықтары мен мүлкін монтаждау үшін қажетті орындарды ескере отырып, есептеледі	
7	Жақын радиополигон	үй-жай	бір оқу бекетіне 7,5	Қосымша алаң оқу құрал-жабдықтары мен мүлкін монтаждау үшін қажетті орындарды ескере отырып, есептеледі	
8	Алыс радиополигон	үй-жай	бір оқу бекетіне 7,5	Қосымша алаң оқу құрал-жабдықтары мен мүлкін монтаждау үшін қажетті орындарды ескере отырып, есептеледі	
9	Оқу электрмен қоректендіру орны (байланыс обьектісін үздіксіз кепілдендірілген электрмен қоректендіру көзі)	үй-жай	бір оқу бекетіне 7,5		
10	Дизель сактау орын	кунг (контейнер)	6,0		
11	Техникалық мұлікті, қосалқы бөлшектерді құрал-саймандар мен керек-жаракты сактауга арналған қойма	бөлме	6,0		
12	Дәретхана	үй-жай	4,0	10 адамға бір унитаз, бір писуар, бір колжуғыш	

XVIII. МЕДИЦИНАЛЫҚ ПУНКТЕРДІҢ ФИМАРАТТАРЫ

Стационар

p/ с №	Үй-жайлардың атауы	Өлшем бірлігі	Медициналық пункттер үй-жайларының орын/келуші саны көрсетілген алаңы		
			5/15	10/30	20/60
1	Тексеру бөлмесі	бөлме	-	10,0	10,0
2	Науқастарға арналған санитарлық өткізу бөлмесі	1 блокқа	16,0	22,0	22,0
3	Науқастардың заттарын уақытша сактауга арналған үй-жай	бөлме	-	4,0	6,0
4	2,3,4 кереуеттік палата	1 кереуетке	7,0	7,0	7,0
5	Жұқпалы ауруларға арналған дәретханасы, ваннасы және шлюзі бар 1 кереуеттік жартылай бокс	1 блокқа	22,0	22,0	22,0
6	1 кереуеттік тамбуры бар бокс	1 блокқа	-	-	27,0
7	Кезекші медициналық бикенің бекеті	1 бекетке	-	4,0	4,0

8	Дәрігердің кабинеті	1 кабинетке	10,0	10,0	10,0
9	Тану бөлмесі	бөлме	-	-	22,0
10	Емдеу кабинеті	бөлме	12,0	18,0	18,0
11	Буфет	бөлме	10,0	10,0	15,0
12	Асхана	бөлме	10,0	10,0	15,0
13	Палаталарға арналған душы бар ванна бөлмесі	1 блокқа	-	-	10,0
14	Клизма жасау бөлмесі	бөлме	-	-	
15	Күндіз болу үй-жайы	бөлме	-	10,0	12,0
16	Персонал бөлмесі	бөлме	8,0	8,0	10,0
17	Дәрет ыдыстарын жууга, стерильдеуге, кленкаларды, тазалау заттарын жууга және кептіруге арналған үй-жай	бөлме	-	8,0	8,0
18	Kір киімді уақытша сактауға арналған үй-жай	бөлме	2,0	4,0	4,0
19	Таза киімді сактауға арналған қойма	бөлме	2,0	2,0	4,0
20	Медициналық қалдықтарды уақытша сактауға арналған қойма	бөлме	-	4,0	6,0
21	Науқастарға арналған дәретхана	1 блокқа	3,0	3,0	3,0
22	Персоналға арналған дәретхана	1 блокқа	3,0	3,0	3,0

Дәріханасы бар амбулатория

23	Киім ілу және тіркеуге алу, күту орындары бар вестибюль	бөлме	8,0	9,0	18,0
24	Дәрігердің кабинеті	бөлме	-	-	12,0
25	Бастықтың кабинеті (дәрігердің кабинеті)	бөлме	12,0	12,0	12,0
26	Емдеу кабинеті	бөлме	18,0	18,0	18,0
27	Тану бөлмесі	бөлме	22,0	22,0	22,0
30	Стоматологиялық кабинеттер (терапевтік және хирургиялық)	1 кабинетке	14,0	14,0	14,0
31	Физиотерапевтік кабинет	1 кабинетке	15,0	18,0	36,0
32	Электрокардиография кабинеті	1 кабинетке	16,0	18,0	36,0
33	Амбулаториялық және стационарлық зертхана	1 блокқа	15,0	18,0	24,0
34	Персонал бөлмесі	бөлме	-	8,0	10,0
35	Дәріхана	1 блокқа	52,0	59,0	67,0
36	Кезекші дәрігердің бөлмесі	бөлме	-	12,0	12,0
37	Шешіну және фотобөлмесі бар флюорография кабинеті	1 блокқа	36,0	36,0	36,0
38	Асказан безі зертханасы	бөлме	-	10,0	10,0
39	Далалық киім-кешек пен мұлікті сактауға арналған үй-жай	бөлме	8,0	8,0	10,0
40	Тазарту заттарын сактауға арналған үй-жай	бөлме	4,0	4,0	4,0

41	Науқастарға және персоналға арналған жеке дәретханалар	1 блокқа	3,0	3,0	3,0
42	Ультрадыбыстық диагностика кабинеті	1 кабинетке	16,0	18,0	36,0
43	Эндоскопиялық кабинет	1 кабинетке	16,0	18,0	36,0
44	Гипербариялық оксигенация кабинеті	1 кабинетке	16,0	18,0	36,0
45	Емдік дene шынықтыру кабинеті (зал)	1 кабинетке	36,0	36,0	36,0
46	Массаж жасауга арналған кабинет	1 кабинетке	12,0	12,0	12,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК